

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ЭКСПЛУАТАЦИЯЛАУ

Нүрәділлаев Абылай Бауыржанұлы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан

Халықаралық құқық мамандығы ХҚҚ-33 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б. Б.

Халықаралық құқық жүйесінде адам құқықтары оның ішінде бала құқықтары ерекше қорғауға алынған, себебі бала өз құқықтарын қорғауға дәрменсіз. 1946 жылдан бері бала құқықтары Біріккен Ұлттар Ұйымымен қорғауға алына бастады. Атап айтқанда ЮНИСЕФ-тің құрылуы (бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры) негізгі мақсаты балалардың қауіпсіз, салауатты және бақытты балалық шаққа деген құқықтарын және бала құқықтарына қолдау көрсету [1]. 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 44/25 резолюциясымен Бала құқықтары туралы Конвенцияның қабылдануы [2]. Женевада 1999 жылғы 17 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция [3].

Мақала бойынша мәселеге келетін болсақ орта Азия мен шығыс Еуропадағы өтпелі экономикасы бар елдерде еңбек ететін балалардың жалпы санының төмендеуіне қарамастан, аталған проблеманың бүгінгі күні өзектілігі бар екенін атап өткен жөн [4]. Ауыл шаруашылығында, балық аулау, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі, қызмет көрсету және құрылыс саласында, балалар еңбегі әлі күнге дейін бар, бүгінгі күні 168 миллионнан астам кәмелет жасына толмаған балалар жұмысқа тартылуда [5].

Іс жүзінде барлық жұмыс істейтін балаларды үш негізгі санатқа бөлуге болады. Біріншісі - ата-аналары мүлдем жұмыс істемейтін немесе жұмыс жасайтын аз қамтылған отбасылардан шыққан жұмысшылар. Екінші санат - көбінесе өз ата-аналарының жеке меншігіндегі ауыл шаруашылық орындарында жұмыс істейтін ауылдық балалар. Үшінші санат - қараусыз қалған балалар, күн көріспен баспана үшін жұмыс істейтін балалар [6].

Қазақстан Республикасында балалар еңбегін заңсыз пайдалану фактілері бар. Халықаралық еңбек ұйымының пікірінше, Қазақстандағы балалар еңбегін пайдаланудың салалары және нысандары болып:

1. Ауыл шаруашылық жұмыстары (мақта, темекі, жүзім және басқа да өсімдік шаруашылығы);
2. Құрылыс саласында;
3. Шағын бизнес (қара жұмысшылар, жанармай құю станцияларында);
4. Теміржол вокзалында жүк тасушы;
5. Қайыр сұраушы (мүгедек, жетім балалар);
6. Жыныстық қанау (11-18 жастағы қыздар);
7. Есірткі сату;
8. Ата-аналары немесе қамқоршылары ақша табу үшін баланы пайдалану (жезөкше, бала саудасы); [7].

Балаларды қара жұмысқа тарту олардың физикалық, психологиялық, ақыл ойына, әлеуметтік дауына елеулі зиян келтіреді. Нәтижесінде, олар толыққанды білім алуға, денсаулық сақтау мүмкіндігінен айырылады. Балалар еңбегін пайдалану мәселесін талдай отырып, балалармен еңбек келісім-шартын жасалмауы сияқты заңның өрескел бұзылуына назар аудару керек.

Нәтижесінде кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша елеулі проблемалар туындайды: салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етілмеуі, жұмыс берушінің өз құқықтарын теріс пайдалануы немесе өз өкілеттігін асыра пайдалану, жұмыс уақыты және демалыс уақыты ережелерінің бұзлуы, қосымша міндеттердің жүктелуі, заңды кепілдіктер мен өтемақылардың төленбеуі және т.б. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі балалардың еңбек қатынастарына түсуінің негізгі ережелерін реттейтін императивті нормалар арқылы жұмыс істеу үшін рұқсат етілетін ережелерді анықтайды. Оқудан бос уақытында, денсаулық пен моральдық дамуына зиян келтірмейтін, оқу процесін бұзбайтын жағдайда. Бұдан басқа, ҚР Еңбек кодексі, еңбек шарты жасаған кезде кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдерінің міндетті келісімін беру шартын белгілейді (31бап) [8].

Кәмелет жасына толмаған балалармен еңбек шартының жасалмауының бірнеше негіздері бар: балалар мен кейде олардың ата-аналары арасында тиісті құқықтық білімнің жоқтығы; 14 жасқа дейінгі балалар еңбегін заңсыз пайдалану; заңға қайшы кәсіпкерлікпен жұғылдануы т.б.

Балалар еңбегін эксплуатациялауды болдырмау шаралары күрделі салааралық және ведомствоаралық сипатқа ие. Мұнда білім беру мекемелерінен, мұғалімдер тарапынан маңызды рөл атқарылуы керек және балалар еңбегі туралы ақпараттық деңгейді көтеру керек, яғни, дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізілуі керек.

Балалар еңбегін эксплуатациялауды жою үшін, ең алдымен олардың өмір сүруіне негіз болатын негізгі себептерді жою керек. БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, балалардың құл иеленушілердің қолына түсуінің немесе заңсыз еңбекке тартуға мәжбүрленуінің басты себебі кедейлік [9].

Кедейлік, тұрмыстық тұрақсыздық, сауатсыздық, кемсітушілік секілді әлеуметтік проблемаларды жоймайынша, балалар еңбегін эксплуатациялаумен күресу мүмкін емес. Балалар өз елінің азаматы бола отырып, олар Конституция мен заңнамалық актілерге сәйкес оларға тән барлық құқықтарға ие екенін түсінуі керек. Балалар өз жастарына байланысты, мемлекет өздерінің мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың өз қорғаушылары ретінде әрекет ететіндерін түсінуі керек. Ол үшін барлық қоғамдық орындарда (мектептер, саябақтар, автобус және трамвай аялдамалары) көрсетілген ұйымдардың кеңсе нөмірлері мен мекен-жайлары көрсетілуі тиіс. Біз оларға өз қиындықтарымен жалғыз қалмайтындығын үгіттеуіміз керек. Жоғарыда аталған шаралардың бәрі, отбасын әлеуметтік жағдай дамымаған жағдайда ешқандай әсер етпейді, себебі, балаларды пайдаланудың негізгі факторы – кедейлік [10].

Құқықтық мемлекет қалыптастыруға жету үшін, адамдардың оның ішінде балалардың құқықтары мен мүделерін толыққанды қамтамасыз еткен жағдайда жетуге болады. «Бала құқығы адам құқықтарының бір бөлігі болып табылады. Бала құқықтары қаншалықты тиімді деңгейде қорғалатын болса, болашақ ұрпақтың дамуымен қалыптасуын қамтамасыз етеді» [11].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы балалар қоры ресми сайтынан: <http://unicef.kz/kz/>
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайтынан: [http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/..](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/)
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайтынан: [http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/..](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/)
4. ILO-IPEC: Marking progress against child labour – Global estimates and trends 2000-2012, ILO, Geneva, 2013; ILO: Accelerating action against child labour, Global Report under the followup to the ILO Declaration on Fundamental Principles and Rights at Work, Report of the DirectorGeneral, Geneva, 2010
5. Электронды қор: <http://gordonua.com/news/worldnews/oon-v-detskiy-trud-segodnya-vovlecheny-168-millionov-detey-136276.html>
6. Ақкөл ауданы әкімдігінің ақпараттық портал ресми сайтынан: <http://akkol-akmo.gov.kz/a/44/on/read/1597/index.html>
7. Электронды қор: http://www.ombudsman.kz/en/publish/docs/doklad_spec/detail_2.php?ID=1094

8. ҚР Әділет министірлігінің ресми сайты:
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
9. Электронды қор: <http://www.pravda.ru/world/09-12-2012/1136334-slavery-0/>
10. Электронды қор: <http://uchebnik.kz/zashita-prav-i-svobod-cheloveka/4-nacionalnoe-zakonodatelstvo-v-oblasti-pravisvobod-cheloveka-1-chast/>
11. Тархов В. А. Ответственность по советскому гражданскому праву. Саратов, 1973. -455с